

Маңғыстау облысының білім
басқармасының «Нұрлыхан
Бекбосынов атындағы Маңғыстау
энергетикалық колледжі» МКҚК-ы
басшысының
2026 жылғы «20» сәуір
№ _195___ бұйрығына
1-қосымша

**Маңғыстау облысының білім басқармасының «Нұрлыхан Бекбосынов
атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжі» МКҚК- ның
объектіге өткізу және объектішілік режимдерді ұйымдастыру бойынша**

ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы талаптар

1.1. Объектіге өткізу және объектішілік режимдерді ұйымдастыру бойынша Қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) Маңғыстау облысының білім басқармасының «Нұрлыхан Бекбосынов атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында (бұдан әрі – Колледж), колледждің студенттері мен қызметкерлеріне қатысты қоғамдық қауіпсіздіктің, болуы мүмкін террористік, экстремистік актілердің және өзге де заңсыз әрекеттердің алдын алу және оларға жедел әрекет ету мақсатында өткізу және объектішілік режимдерді ұйымдастыру бойынша негізгі талаптарды айқындайды.

1.2. Колледжде өткізу және объектішілік режимдері бойынша жалпы басқаруды Басшы немесе басқа оған жауапты боп белгіленген тұлға жүзеге асырады. Өткізу және объектішілік режимдері бойынша нұсқаулар мен талаптар барлық қызметкерлер, студенттер, келушілер, қызмет көрсетуші ұйымдардың және Колледжде үй-жайларды жалға алатын ұйымдардың жұмысшылары үшін міндетті.

1.3. Ғимаратқа кіруді, мүлікті қорғау және қоғамдық тәртіпті сақтауды, белгіленген тәртіппен күзет қызметтерін сатып алу туралы шарт жасалған ұйымның қызметкерлері қамтамасыз етеді.

1.4. Осы Қағидалардың талаптары қызметкерлерге, студенттерге, ата-аналарға (студенттердің заңды өкілдеріне), келушілерге, қызмет көрсетуші ұйымдардың және Колледжде үй-жайларды жалға алатын ұйымдардың жұмысшыларына толықтай қолданылады.

1.5. Осы Қағидалардың талаптарын бұзу, келтірілген зиянға (шығынға) байланысты, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

1.6. Нысанның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұлғаның талаптарының заңдылығын түсіндіретін, өткізу режимінің негізгі қағидалары туралы ақпаратты әкімшілік, нысанның кіреберісінде, көпшілікке қолжетімді жерлерде және колледждің ресми веб-сайтында орналастырады.

2. Нормативтік құжаттар

2.1 «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І Заңы.

2.2. «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысы.

2.3. «Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы.

2.4. «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығы.

3. Негізгі түсініктер

пост – қызметкер өзіне жүктелген міндеттерді орындайтын мекеменің кіреберісінде орналасқан орын;

қауіпсіздік – кез келген қауіптің жүзеге асырылуынан немесе оның салдарының әсерінен оған зиян келтірумен байланысты қабылданбайтын тәуекел жоқ қорғаныс объектісінің жай-күйі;

келуші – мекемеге қандай да бір мақсатпен келетін тұлға;

бөгде тұлғалар – мекеменің қызметіне қатысы жоқ және оның қызметкерлеріне жатпайтын, білім беру процесіне қатыспайтын және мекемеге кіруге және оның аумағында болуға заңды негізі жоқ адамдар;

өткізу режимі – күзетілетін объектіге және одан адамдардың бақылаусыз кіруі (шығуы), көлік құралдарының кіруі (шығуы), мүлікті кіргізу (шығару) және әкелу (әкетілуі) мүмкіндігін болдырмайтын мекеменің аумағында белгіленген тәртіп;

объектішілік режим – құпиялылықты, өрт және техникалық қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенімен қамтамасыз етілетін мекеме ішінде белгіленген тәртіп;

бейнебақылау жүйесі – бейне деректерін жазу және сақтау үшін жұмыс істейтін бейне арналарының, бағдарламалық және аппараттық құралдардың, сондай-ақ өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыратын бағдарламалық және/немесе аппараттық басқару құралдарының жиынтығы;

ескерту жүйесі – төтенше жағдай (апат, өрт, табиғи апат, шабуыл, террористік акт) кезінде дабыл және ағымдағы жағдайда қабылдануы тиіс әрекеттер туралы терроризмге осал объектіде орналасқан адамдарға жедел хабарлауға (жарық және/немесе дыбыстық дабыл) арналған техникалық құралдар жиынтығы;

тексеру кезінде қолданылатын техникалық құралдар – қол жүгін, жүкті, багажды, поштаны, тәрбиеленушілер мен студенттерді, қызметкерлер мен келушілерді тексеру кезінде дербес немесе кез келген жүйенің бөлігі ретінде пайдалануға арналған арнайы құрылғылар;

объектінің ықтимал қауіпті аймақтары – жарылғыш және өрт қаупі бар, қауіпті химиялық заттар, қару-жарақ пен оқ-дәрілер, улы заттар мен препараттар, технологиялық тізбектердің элементтері, жүйелер, жабдықтар немесе құрылғылар, объектінің маңызды аймақтары, сондай-ақ объектіде адамдардың жаппай болуы мүмкін орындары пайдаланылатын, сақталатын немесе қолданылатын, өмір мен денсаулыққа зиян келтіруге ықпал етуі мүмкін терроризм актісі жасалатын, апаттың орын алуы, қауіпті әлеуметтік-экономикалық салдары бар төтенше жағдай қаупін тудыратын, қауіпті заттар мен материалдарды терроризм актісін жасау үшін оларды одан әрі пайдалану мақсатында ұрланатын аумақтық белгіленген аймақтар (учаскелер);

жарықтандыру жүйесі – бейнебақылау жүйесінің қажетті жарықтандыру деңгейін, қараңғы уақытта объектідегі адамдар мен көлік құралдарының көрінуін қамтамасыз ететін техникалық құралдар жиынтығы;

объектінің периметрі – құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес объектінің шекарасы;

терроризмге осал объектілер – адамдардың жаппай жиналатын объектілері, терроризмге қарсы қорғанысты міндетті түрде ұйымдастыруды талап ететін, қорғалатын объектілер;

оқыту (алдын алу) шаралары – алғашқы ден қою дағдыларын қалыптастыру мақсатында, қызметкерлерді және күзетшілерді оқытудың нұсқаулықтар мен сабақтар түрінде жүзеге асырылатын алдын алу әдістері;

терроризмге қарсы қауіпсіздік паспорты – объект туралы жалпы және инженерлік-техникалық ақпаратты қамтитын, оның терроризмге қарсы қауіпсіздігінің жай-күйін көрсететін және терроризмге осал объектідегі терроризм актілерінің алдын алу, жолын кесу, азайту және (немесе) жою жөніндегі шараларды жоспарлауға арналған ақпараттық-анықтамалық құжат.

4. Өткізу режимін ұйымдастыру

4.1. Өткізу режимі адамдар мен көлік құралдарының колледж аумағына және одан өту, материалдық құндылықтарды кіргізу (алып кету), әкелу (әкету) тәртібін қамтамасыз етеді және колледж ғимараттарына бөтен тұлғалардың рұқсатсыз кіруінің алдын алады.

4.2. Өткізу режимі бүкіл нысанға немесе белгілі бір ғимараттарға (шеберханалар, гараждар, ангарлар және т.б.) орнатылуы мүмкін. Карантин шаралары кезінде өту, медициналық маска кию арқылы ғана жүзеге асырылады.

4.3. Өткізу бекеттері өтуге және өткізу режимін жүзеге асыруға ыңғайлы болуы тиіс, турникеттермен, кіруді бақылау және басқару жүйесімен (бұдан әрі – КББЖ), өрт сөндіру құралдарымен, байланыс құралдарымен, дабыл және күзет сигнализациясымен жабдықталуы қажет.

4.4. Өткізу бекетінде қажетті қызметтік құжаттама болуы тиіс (өткізу режимі жөніндегі нұсқаулық, қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық, кезекшілікті қабылдау және тапсыру журналы, келушілерді тіркеу журналы, Колледждің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар, еңбек қауіпсіздігі бойынша жауапты тұлғаларының байланыс телефондары және басқа да қажетті құжаттар).

4.5. КББЖ-не қызмет көрсету, қызметкерлер мен білім алушыларды жүйеге уақтылы енгізу және шығару Колледж басшысының ІТ жөніндегі орынбасарының міндетіне кіреді. Жұмыстан шығарылған қызметкерлер мен оқудан шығарылған білім алушылар КББЖ жүйесінен уақтылы алынып тасталады.

4.6. Ішкі қауіпсіздікке жауапты қызметкер осы Қағидаларда көзделген барлық іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

4.7. Колледж қызметкерлері мен білім алушыларының ғимаратқа кіруі жұмыс күндері сағат 08:00-ден 19:00-ге дейін, келушілер үшін сағат 09:00-ден 17:30-ға дейін күзет бекеті арқылы жүзеге асырылады.

4.8. Ғимаратқа кіру кезінде ұсынылатын құжаттар:

Қызметкерлер үшін:

биометриялық сәйкестендіру.

Білім алушылар үшін:

биометриялық сәйкестендіру;

студенттік билет.

Келушілер үшін:

жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлік, паспорт, әскери билет, жүргізуші куәлігі).

Қызмет көрсетуші ұйымдар мен жалға алушы ұйымдардың қызметкерлері үшін:

қызметкерлердің Т.А.Ә. және ұйым атауы көрсетілген тізім;

жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлік, паспорт, әскери билет, жүргізуші куәлігі).

4.9. Ғимаратқа кіргенде (шыққанда) құжаттар күзет қызметкеріне ашық түрде ұсынылады немесе КББЖ арқылы сәйкестендіріледі.

4.10. Колледжішілік бұйрыққа сәйкес, күзет постысы арқылы тәуліктің кез келген уақытында, оның ішінде демалыс және мереке күндері өту құқығына ие:

- Колледж басшылығы;

- Колледж бойынша кезекшілер, оның ішінде басшылық құрам (орынбасарлар, бөлім басшылары), сондай-ақ инфрақұрылымды қамтамасыз ету қызметтері (сантехниктер, электриктер, ағаш шеберлері, ғимаратқа кешенді қызмет көрсетушілер).

4.11. Қызметкерлер мен білім алушылардың жұмысқа және оқуға жаппай келетін, сондай-ақ жұмыс және оқу аяқталған уақытта кететін кездері, кіреберіс есіктер кіріп-шығуға кедергісіз ашық болуы тиіс.

4.12. Келушілер ғимаратқа тек қабылдаушы тараптың келісімімен жіберіледі, бұл кезде күзет қызметкері қабылдаушы қызметкермен байланысады. Келушілерді өткізу, жеке басын куәландыратын құжатын көрсету және журналға тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

4.13. Демалыс және мереке күндері қызметкерлердің, сондай-ақ апаттық жағдайларды жою бойынша сыртқы ұйым қызметкерлерінің кіруі, басшы қол қойған тізім негізінде жүзеге асырылады (кемінде 1 күн бұрын беріледі). Білім алушылар мен келушілерге демалыс және мереке күндері кіруге жол берілмейді.

4.14. Жиналыс немесе іс-шараға келген тұлғалар басшы қол қойған тізім бойынша (кемінде 3 сағат бұрын берілген) өткізіледі. Қатысушылар тізімі, тегін, атын және әкесінің атын, сондай-ақ келушінің жұмыс орынын көрсете отырып, алфавит ретімен жасалады. Тізімде көрсетілген тұлғалар күзет бекетінен өткен кезде күзет қызметкеріне жеке басын куәландыратын құжаттарын ашып көрсетеді. Балалар тобы

күзет бекетінен өткенде топ басшысы балалардың тізімін күзет бекетіндегі күзет қызметкеріне береді.

4.15. Төтенше жағдайлар орын алған кезде (өрт, жарылыс, апат және т.б.), апаттық, өрт сөндіру және медициналық қызмет қызметкерлері кедергісіз, күзет қызметкерінің немесе Колледж басшысының тапсырмасы бойынша белгіленген тұлғаның сүйемелдеуімен өткізіледі.

4.16. Инспекциялық тексеру жүргізуге келген бақылаушы қызметтердің және құқық қорғау органдары қызметкерлері, қызметтік куәлік пен тексеру жүргізу туралы тапсырмасын көрсеткен жағдайда, Колледж басшысының тапсырмасы бойынша белгіленген тұлғаның сүйемелдеуімен өткізіледі, деректері журналға тіркеледі. Олардың келу мақсатын нақтылау, әрбір құжаттың түпнұсқалығын тексеру қажет: фотосуретті оны ұсынған адаммен салыстыру, жарамдылық мерзімін, қолтаңбаның және берген органның мөрінің бар-жоғын тексеру және «Келушілерді тіркеу журналына» барлық мәліметтерді жазу, оның ішінде: куәлік нөмірі, аты-жөні, атағы, жұмыс орны.

4.17. Ғимаратта төтенше жағдай (өрт, жарылыс, апат және т.б.) болған жағдайда немесе азаматтық қорғаныс сигналдары бойынша колледж қызметкерлері, студенттері және келушілер жеке куәліктерін тексермей, негізгі және қосымша шығу есіктер арқылы ғимараттан шығарылады.

4.18. Ғимаратқа белгіленген тәртіппен күзет қызметін сатып алу туралы шарт жасасқан ұйымның қызметкері жеке басын куәландыратын құжаттарымен ғимаратқа жіберіледі.

4.19. Шетелдік делегациялар мүшелері, тек белгіленген жауапты қызметкердің сүйемелдеуімен өткізіледі.

4.20. Ғимаратқа кіруге құжаттары бар адамдар портфельдер, сөмкелер және басқа да қол бағажын күзет бекеті арқылы өткізе алады. Ірі заттарды алып жүру кезінде күзет қызметкері, қажет болған жағдайда, тыйым салынған заттарды анықтау үшін қолмен ұсталатын металл детекторды пайдалана алады және келушілерден оларды тексеруге ұсынуды сұрай алады. Үлкен заттардың өлшемі 90 см x 75 см x 43 см-ден аспауы керек. Әкелінген кез келген үлкен заттардың атауы келушілер журналында жазылуы керек. Келуші бас тартса, мұндай заттармен кіруге тыйым салынады. Журналда жазылмаған ірі заттарды ғимараттан шығаруға рұқсат етілмейді.

4.21. Күзетші жоспарланған бұқаралық іс-шараларға қатысушыларды қоспағанда, кез келген келуші туралы колледж басшылығына хабарлауға және келушіні одан әрі алып жүру үшін күзет бекетіне телефон арқылы лауазымды тұлғаны шақыруға міндетті.

4.22. Қызметкерлер немесе студенттер жеке заттарының жоғалғаны туралы хабарлағанда, күзетші бұл туралы колледж басшылығына хабарлайды және бейнекамера жазбаларын қарау үшін бейнебақылау маманын шақырады.

4.23. Материалдық құндылықтарды немесе жеке заттарды ұрлау немесе иемдену фактісі бойынша күдікті тұлғалар анықталса, олар ұсталып, тиісті шара қолдану үшін дереу колледж басшылығына хабарланады.

4.24. Колледж ғимаратында алкогольдік, есірткілік немесе басқа да мас күйіндегі адамдарға рұқсат етілмейді. Егер кімде-кім алкогольдік, есірткілік немесе басқа да мас күйінде анықталса, олар ұсталады, құжаттары тексеріледі (жеке басы анықталады) және полицияға жіберілгенге дейін одан әрі шаралар қабылдау үшін колледж басшылығына хабарланады.

4.25. Рұқсат етілмеген тұлға(лар) күзетшінің немесе колледжде жұмыс істейтін басқа адамдардың ғимараттан (аумақта) шығу жөніндегі талаптарын орындамаған жағдайда, сондай-ақ ғимаратқа (аумаққа) кіруге (бұзуға) әрекет жасалған жағдайда, дабыл түймесі және рұқсат етілмеген тұлғаның (тұлғалардың) ғимаратқа (аумаққа) кіруіне жол бермеу бойынша ықтимал шаралар дереу қолданылады.

4.26. Басқалардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін (денеге зиян келтіру және келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін тыйым салынған заттар мен заттарды алып жүретін, есіктер мен үй-жайларды бұзатын, қоғамдық тәртіпті бұзатын және т.б.), агрессияның айқын белгілерін және қылмыстық сипаттағы әрекеттерді көрсететін, білім беру мекемесіне еркін және заңсыз кіруге (енуге) тырысатын адамдар анықталған жағдайда, күзет қызметкері (қатерді анықтаған басқа адам) бұл адамдармен тікелей байланысқа жол бермей, дабыл түймесін дереу іске қосып, содан кейін колледж басшылығына және аумақтық ішкі істер органына «102» нөміріне немесе бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметке «112» нөміріне қоңырау шалу арқылы хабарлауға, содан кейін қалыптасқан жағдайға байланысты әрекет етуге міндетті.

4.27. Күзетшінің немесе колледждегі басқа адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төнген жағдайда, соның ішінде ғимаратты басып алу әрекеті кезінде, күзетші (немесе басқа қызметкерлер) дереу дабыл түймесін басады. Өмір мен денсаулыққа төнетін қауіп дәрежесі ағымдағы жағдайға, оқиғалар мен айналадағы жағдайларға, сондай-ақ қауіп төндіретін адамның (адамдардың) мінез-құлқына, әрекеттеріне және ниеттеріне негізделіп бағаланады.

4.28. Күзетші (Колледждің басқа қызметкерлері) Колледжде және/немесе оның аумағында орналасқан адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей немесе жанама қауіп төнген немесе қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік бұзылған басқа жағдайларда да дабыл түймесін пайдалана алады.

4.29. Егер қараусыз (күдікті) заттар (сөмкелер, қораптар, жәшіктер және т.б.) немесе нысанның периметріне жақын жерде ұзақ уақыт бойы тұрақта тұрған белгісіз көлік анықталған жағдайда, келесі шараларды қабылдау қажет:

- куәгерлерден сұхбат алу, сырттай тексеру жүргізу және бейнекамера жазбаларын тексеру арқылы иесін анықтауға тырысу;

- егер қараусыз қалған (күдікті) затта террористік шабуыл белгілері байқалса (сымдар, сағат дыбыстары және т.б.), дереу колледж басшылығына хабарланады, олар өз кезегінде 102 нөміріне қоңырау шалу арқылы аумақтық ішкі істер органына

хабарлайды, ал қажет болған жағдайда 101 нөміріне қоңырау шалу арқылы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық бөлімшесінің қызметкерлеріне қоңырау шалады;

- дабыл қағылады, адамдарды эвакуациялау және қажетті мүлікті қауіпсіз қашықтыққа (500 м) шығару шаралары қабылданды;

- табылған күдікті заттарға қол жеткізуді болдырмау, студенттердің, колледж қызметкерлерінің және басқа адамдардың олар табылған жерде болуын шектеу және болдырмау шаралары қабылданды;

- күдікті заттың жанында радиотолқынды құрылғыларды (ұялы телефондар, рациялар және т.б.) пайдалануға **тыйым салынады**;

- күдікті затты бір жерден екінші жерге жылжытуға (алып жүруге) немесе оны өзіңіз бейтараптандыруға тырысуға **тыйым салынады**.

4.30. Колледж аумағында тыйым салынған (күдікті) затты (зат, қараусыз сөмкелер, қол жүгі және т.б.), соның ішінде жарылғыш құрылғыға ұқсайтын затты тапқан (анықтаған) кез келген қызметкер немесе студент бұл туралы колледж басшылығына хабарлауға міндетті.

4.31. Колледждің әрбір қызметкері дабыл түймесінің орналасқан жерін білуі керек (бар болса). Күзетшілер (және колледждің басқа қызметкерлері) дабыл түймесін колледжде және/немесе оның аумағында адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей немесе жанама қауіп төнген немесе қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік бұзылған басқа жағдайларда пайдалана алады.

4.32. Күзетші, колледж ғимараты мен аумағын екі сағат сайын шаяу аралап, ішкі көріністі, нысанның периметрін тексеріп, қоршаулардың зақымдануын және бөгде, жарылғыш немесе күдікті заттарды анықтауды жүзеге асырады.

4.33. Күзетші, жұмыс аяқталғаннан кейін айналаны аралап шыққан кезде, терезелердің жабылуы мен бүтіндігіне, кабинеттер мен аудиториялардың есіктерінің жабылуына ерекше назар аударуы және бөгде адамдардың колледж аумағына кіруіне жол бермеуі тиіс.

4.34. Күзетші тексеру (патрульдеу) кезінде анықталған барлық кемшіліктер (бұзушылықтар) туралы колледж басшылығына және өзінің тікелей басшыларына хабарлайды.

4.35. Кезекші күзетші күндізгі жұмыс ауысымы кезінде жұмыс орнынан кетпеуі керек, егер қысқа уақытқа орынын тастап кету керек болған немесе патрульдеу кезінде күзетшінің функцияларын вахтер орындайды.

4.36. Төтенше жағдайлар кезінде колледж ғимаратына, төтенше жағдайларды жоюға қатысты тұлғалардан басқа, барлық адамдардың кіруі шектеледі. Төтенше жағдай шешілгеннен кейін, кіру режимі қалпына келтіріледі.

5. Нысанға көлік құралдарының кіру (шығу), материалдық ресурстарды әкелу (алып кету) тәртібі

5.1. Колледж аумағына көлік құралдарының кіруі мен шығуы, сондай-ақ материалдық ресурстардың кіруі мен шығуы осы Қағидалармен белгіленеді. Колледж аумағына кіруге тек қызметтік көліктерге ғана рұқсат етіледі.

5.2. Колледж аумағына көлік құралдарының кіруі мен шығуы жұмыс уақытында (сағат 8:00-ден 19:00-ге дейін) 6А шағын ауданы жағында орналасқан қақпа арқылы жүзеге асырылады. Көлік құралдарының колледж аумағынан жұмыс уақытынан тыс уақытта шығуына (түнгі уақытта сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін, демалыс және мереке күндері) жол құжатымен (кіру күні мен уақытын көрсете отырып) және Басшының немесе басқа уәкілетті тұлғаның жазбаша рұқсатымен рұқсат етіледі.

5.3. Көлік құралдарының кіру (шығу) уақыты, көлік құралдарының шығу (кіру) журналында жазылады.

5.4. Күзет бекетінен өтетін көліктер жүктің ілеспе құжаттарға сәйкестігіне көз жеткізу үшін алдын ала тексеруден өтеді. Көліктің асты, кузовы, жүксалғышы, кабинасы және салоны тексеріледі. Тексеруді кезекші күзетші жүргізеді.

5.5. Колледж аумағына материалдық құндылықтарды әкелу (кіргізу), әкету (алып кету) тиісті құжаттар (накладнойлар, акілер және т.б.) болған кезде жүзеге асырылады, ал қызметкерлер немесе студенттер үшін бұл жұмыс дәптеріне заттың иесінің деректері, атауы, саны және әкелу (алып кету) уақыты туралы белгі қою арқылы жүзеге асырылады.

5.6. Колледж аумағына жеке көліктердің кіруі Басшы немесе оның орынбасары бекіткен тізіммен қатаң шектеледі. Соңғы баратын жері - гараж; аумақта жеке көліктерді жүргізуге қатаң тыйым салынады.

5.7. Келушілердің немесе басқа ұйымдардың көліктерін колледждің аумағына Басшы қол қойған жазбаша рұқсатпен кіргізуге рұқсат етіледі. Көліктер бас қақпаның жанындағы тұраққа (футбол алаңының жанында) қойылады.

5.8. Жасалған мемлекеттік сатып алу шарттарына сәйкес қоймаға тауарларды, сондай-ақ тамақ өнімдерін тамақтандыру пунктіне әкелетін көлік құралдарына жұмыс күндері нысанға кіруге шаруашылық меңгерішісінің немесе тамақтандыру пункті меңгерішісінің және күзетшінің сүйемелдеуімен ғана жүзеге асырылады.

5.9. Егер колледж аумағына рұқсатсыз кіру белгілері анықталса немесе көлік құжаттары тауарлармен шот-фактураға сәйкес келмесе, көлік құралы және тауарларды тасымалдайтын (жеткізетін) адам колледж аумағында кідіріледі де, ол туралы колледж басшылығына мәселені анықтау үшін хабарланады.

5.10. Көлік құралдары мен тасымалданатын материалдық құндылықтардың құжаттарының бар-жоғын және дұрыс ресімделгенін тексергеннен кейін, күзетші көлік құралының колледж аумағына кіруіне (шығуына) рұқсат береді.

5.11. Егер көлік құралында жүргізушімен бірге жолаушы болса, осы Нұсқаулықта көрсетілгендей, оған колледжге бөгде адамдарды (келушілерді) өткізу режимінің талаптары қойылады.

5.12. Егер көлік тиісті рұқсатсыз колледж аумағында немесе күдікті көліктер колледждің тікелей маңында табылса, күзетші колледж басшылығына дереу хабарлауға, көлік иесін анықтау үшін шаралар қабылдауға және оны аумақтан алып тастау бойынша шаралар қолдануға міндетті. Егер иесі жоқ болса немесе ол туралы ешқандай ақпарат болмаса, полицияға дереу 102 нөміріне қоңырау шалу арқылы хабарлау қажет.

5.13. Басқа ұйымдардың көліктерін күзет бекетінде қарсы алу, оларды өтініште көрсетілген жерге дейін және кері қарай алып жүру, сондай-ақ жұмыс процесінде көлік құралын бақылау, ол жұмыстарды жүргізуге бастамашы болған колледж қызметкерлерімен қамтамасыз етіледі.

5.14. Колледж аумағында көлік құралдарының сағатына 5 км-ден аспайтын жылдамдықпен жүруіне рұқсат етіледі.

5.15. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне және басқа да мемлекеттік бақылау органдарына тиесілі көліктер, тексеруге рұқсат беретін құжаттары бойынша күндізгі немесе түнгі кез келген уақытта, тексерусіз колледж аумағына кіре алады. Күзетші олардың келуі туралы колледж басшылығына дереу хабарлайды.

5.16. Төтенше жағдайларда арнайы мақсаттағы көліктерге (өрт сөндіру, төтенше жағдайлар, жедел жәрдем, полиция) колледж аумағына кедергісіз және тексерусіз кіруге рұқсат етіледі.

7. Нысандардың қауіпті болуы мүмкін аймақтарының тізімі

7.1. Оқу ғимараты:

- 1) Кіреберіс қақпалары – 3;
- 2) Кіреберіс есіктері – 2;
- 3) Апаттық шығу жолдары – 5;
- 4) Бірінші қабаттың терезелері;
- 5) Жертөлелер.

7.2. Шеберханалар:

- 1) Кіреберіс есіктері – 1.

7.3. Слесарлық шеберхана:

- 1) Кіреберіс есіктері – 1;
- 2) Бірінші қабаттың терезелері.

7.4. Дәнекерлеу шеберханасы:

- 1) Кіреберіс есіктері – 1;
- 2) Апаттық шығу жолдары – 2;
- 3) Бірінші қабаттың терезелері.

7.5. Ангар:

- 1) Кіреберіс есіктері – 2.

8. Колледж аумағына әкелуге тыйым салынған заттар мен нәрселердің тізімі

8.1. Атыс қаруы, оның ішінде травматикалық, газды, пневматикалық, сигналдық, электрлік және құрылымдық жағынан қаруға ұқсас бұйымдар мен олардың құрамдас бөліктері:

- атыс қаруына тән жеке құрылымдық элементтері мен тетіктері немесе сыртқы белгілері бар, бірақ нысананы зақымдауға арналмаған заттар (құрылыс құралдары, сигналдық құрылғылар, линеметтер);

- зақымдаушы әсері радиоактивті сәулелену мен биологиялық әсерді пайдалануға негізделген қару мен заттар;
- зақымдаушы әсері электромагниттік, жарық, жылу, инфрадыбыстық немесе ультрадыбыстық сәулеленуді пайдалануға негізделген заттар;
- қаруға оқ-дәрілер және оның құрамдас бөліктері, снарядтар, жебелер;
- жоғарыда аталған қару түрлерін имитациялайтын заттар.

8.2. Шанышқылы, кескіш, шапқыш, ұрғылау-ұсақтау, лақтыру заттары, өнеркәсіптік құралдар және өзге де нәрселер, оның ішінде:

- барлық түрдегі пышақтар, қырынуға арналған станоктар немесе жүздер (білім беру ұйымдарының аумағындағы орналасқан жатақханаларда пайдалану жағдайларын қоспағанда), садақтар, арбалеттер, мүйізтұмсықтар, балталар, қылыштар, семсерлер, барлық түрдегі медициналық скальпельдер (оқу процесінде пайдалану жағдайларын қоспағанда), жебелер мен дарттар, арпундар мен найзалар, мұзтұтқыштар, металл жұлдыздар, түйреуіштер, шокпарлар, таяқшалар, кастеттер, нунчақтар;

- білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесінде, өнеркәсіптік және шаруашылық мақсаттарында пайдалану жағдайларын қоспағанда, шегелерді қағу және болттарды бекіту үшін өнеркәсіптік құрылғылар, шанышқылы немесе кескіш заттар ретінде пайдаланылуы мүмкін өнеркәсіптік құралдар;

- медициналық шприцтер ("Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу бұйрығымен тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы) №026/у нысанындағы дәрігерлік - консультациялық комиссияның қорытындысы болмаған кезде).

8.3. Оқ-дәрілер, жарылғыш және тез тұтанатын заттар, химиялық және улы заттар, оның ішінде:

- жарылғыш заттардың немесе құрылғылардың көшірмелері немесе имитаторлары, аэрозольдық бояулар, скипидар;

- фейерверктер, кез келген нысандағы жарық беретін зымырандар және пиротехникалық құралдар;

- сіріңкелер, оттықтар (білім беру ұйымының аумағында орналасқан жатақханаларда пайдалану жағдайларын қоспағанда);

- құрамында улы және мия тамыры бар газ баллондары (көзден жас ағызатын, бұрыш);

- психикаға белсенді әсер ететін заттар;

- темекі бұйымдары, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдар, қорқорға арналған темекі, қорқор қоспасы, электрондық тұтыну жүйелері (вейптер), электрондық тұтыну жүйелеріне (вейптерге) арналған хош иістендіргіштер және оларға арналған сұйықтықтар.

8.4. Оқу сабақтары кезінде (әскери, арнаулы оқу орындарын және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясын қоспағанда) ақпаратты тасымалдау функциялары бар мобильді байланыс құрылғылары (пейджер, планшеттер, смартфондар***, iPad (Айпад), iPod (Айпод), плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер)).

8.5. №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген № 026/у нысанындағы дәрігерлік - консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде медициналық көрсеткіштер бойынша тағайындалған препараттарды қоспағанда, дәрілік препараттар.

8.6. Колледж аумағына жарылғыш, тез тұтанатын, улы заттарды, атыс қаруын және басқа да қауіпті заттарды әкелудің алдын алу мақсатында қызметкерлер, студенттер және олардың ата-аналары (заңды өкілдері), сондай-ақ келушілер алып кіруге арналған заттар мен сөмкелерді, аталған заттар мен нәрселердің бар-жоғын анықтау үшін, күзет қызметкерлерінің талабы бойынша көзбен шолып тексеруге және (немесе) қол металл детекторымен тексеруге ұсынулары міндетті.

8.7. Металл детекторын іске қосқан затты көрсету - келуші мен студенттің ерікті әрекеті болып табылады. Дегенмен, егер келуші металл детекторын іске қосқан затты тексеруден және көрсетуден бас тартса, колледж ғимараттарына кіруге тыйым салынады және бұл туралы колледж әкімшілігіне хабарланады.

9. Объектішілік режимді ұйымдастыру

9.1. Объектішілік режим - бұл Колледж аумағындағы адамдардың ішкі еңбек тәртібі ережелерінің және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес орындайтын, шаралар мен ережелер жиынтығымен қамтамасыз етілетін тәртіп.

9.2. Объектішілік режим мыналарды көздейді:

- Колледжге және оның келушілеріне өз функцияларын орындау үшін жағдай жасау;
- Колледж ғимаратында, үй-жайларында, ішкі және іргелес аумақтарында тәртіпті сақтау, мүлік пен құжаттардың сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;
- ішкі еңбек тәртібі ережелерін, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды, өрт қауіпсіздігін және терроризмге қарсы қауіпсіздікті сақтау.

9.3. Объектішілік режимі колледждің жалпы қауіпсіздік жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және мыналарды қамтиды:

- қызметкерлердің атына қызметтік үй-жайларды және жабдықтарды бекіту;
- қызметтік үй-жайлардың кілттерін сақтау орындарын және оларды пайдалану тәртібін анықтау;
- қауіпсіздік және өрт дабылы жүйелерін пайдалану тәртібін анықтау;
- қызметтік үй-жайларды ашу және жабуға жауапты адамдарды тағайындау;
- дағдарыс жағдайларында колледж қызметкерлері мен келушілердің әрекеттерін ұйымдастыру.

9.4. Колледж аумағында келесі әрекеттерге тыйым салынады:

- бөгде адамдардың рұқсатсыз болуларына;
- адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті заттар мен материалдарды немесе басқа да заттарды колледж аумағына әкелуге;
- тиісті рұқсат қағаздарынсыз колледж ғимаратынан мүлікті, жабдықты және құнды заттарды алып шығуға (кіргізуге);
- темекі шегуге, ашық отты пайдалануға;
- алкогольді ішімдіктерді, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтынуға немесе алкогольмен немесе есірткіден мас күйінде болуға;
- адамдарды немесе құнды заттарды эвакуациялауға, өртті сөндіруге кедергі келтіретін немесе жарылғыш құрылғыларды орнатуға ықпал ететін аумақты, негізгі және қосымша кіреберістерді (шығуларды), баспалдақтарды, жертөлелерді және шатырларды құрылыс немесе басқа материалдармен жабуға;
- техникалық қауіпсіздік жабдықтары мен өрт дабылдарының белгіленген жұмыс режимдерін бұзатын (өзгертетін) әрекеттер жасауға.

9.5. Колледждің техникалық қорғанысының негізгі элементтері байланыс құралдары, өрт дабылы, ғимаратты жарықтандыру, қоршаулар және құлыптау механизмдері болып табылады.

9.6. Техникалық қауіпсіздік жабдықтарының жақсы жұмыс істеп тұрғанын қамтамасыз ету, міндетін қабылдау және тапсыру кезінде күзетшіге, сондай-ақ бейнебақылауды қамтамасыз ету бойынша мамандарына жүктеледі.

9.7. Өрт дабылының жұмысқа жарамдылығын және нысанның өрт қауіпсіздігі жағдайын бақылау міндеті, күзетшіге міндетін қабылдау және тапсыру кезінде, сондай-ақ техникалық қауіпсіздік бойынша инженерге жүктеледі.

9.8. Колледждің барлық үй-жайларын, қызметтік үй-жайларына жауапты адамдар күзетшіге тапсырады, журналға жазба жасалады.

9.10. Жұмыс күнінің соңында, қызметтік үй-жайға жауапты қызметкер жұмыс орнын таза және ұқыпты қалдыруы керек. Электр құрылғыларын өшіріп (қуат көзінен ажыратыңыз) кетуі керек. Үй-жайдың өрт қауіпсіздігі жағдайын тексеруі керек. Терезелер мен фрамугаларды жабуып, шамдарды өшіріп және кіреберіс есікті құлыптап кетуі тиіс. Үй-жайдың кілтін, тапсыру журналына қол қою арқылы вахтерге тапсырады.

9.11. Мереке күндері жауапты тұлғалар колледждің барлық ғимараттарының қауіпсіздігін тексереді және үй-жайларды тексеру журналына жазба енгізеді.

9.12. Барлық қызметтік үй-жайлардың кілттерінің қосалқы көшірмелері вахтердің сейфінде жабық және мөрленген қорапта сақталуы тиіс.

9.13. Үй-жайларды тазалауға жауапты техникалық персоналдар, тазалауды жұмыс күні басталғанға дейін және кейін, ішкі жұмыс тәртібі ережелеріне сәйкес жүргізуге міндетті.

9.14. Басшылықтың рұқсатынсыз жұмыс уақытынан кейін колледж ғимаратында қалған студенттер, қызметкерлер және келушілер, қалуларының нақты себептері анықталғаннан кейін, күзет қызметкерімен шығарылады.

9.15. Колледждің барлық қызметкерлері жұмыс күні ішінде үй-жайда тазалық пен тәртіпті сақтауы керек, ал жұмыс күнінің соңында барлық ресми құжаттарды осы мақсаттар үшін бөлінген орындарға қоюы, электр құрылғыларын, компьютерлер мен теледидарларды өшіруі (қуатсыздандыруы), шамдарды өшіруі, терезелер мен желдеткіштерді жабуы және үй-жайдың кіреберіс есігін құлыптауы тиіс.

Ескертпе:

**** ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) қоспағанда.*

**Басшының шаруашылық жұмыстары
бойынша орынбасары**

Янтудин М.Е.